ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# «EDU.E-HISTORY.KZ»
# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 4(8) қазан-желтоқсан 2016*
**ISSN 2710-3994**

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

# электрондық ғылыми журнал

2016, № 4(8)

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

# электронный научный журнал

**2016, № 4(8)**

**ISSN 2710-3994**

EDU.E-HISTORY.KZ

# electronic scientific journal

**2016, № 4(8)**

**Құрылтайшы:**
Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

**Бас редактор**
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

**Редакциялық алқа:**
Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А.Чубарьян (Ресей)

**Жауапты редактор:**
З. Төленова

**Редактор:**
Р. Көбеев

**Редакцияның мекен-жайы:**
050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,
Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»
электрондық ғылыми журналының редакциясы
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жай: https://edu.e-history.kz/

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде
міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**Учредитель и издатель:**
РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

**Главный редактор**
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**
Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусеитова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

**Ответственный редактор:**
З. Толенова

**Редактор:**
Р. Кубеев

**Адрес редакции:**
050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»
Редакция электронного научного журнала
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Сайт журнала: https://edu.e-history.kz/

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетелйство о регистрации:
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо обязательно ссылаться на журнал.

**Founder and publisher:**
RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

**Editor-in-chief:**
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Editorial board:**
R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali, N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov, Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan), Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov, W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

**Executive editor:**
Z. Tolenova

**Editor:**
R. Kobeev

**Editorial address:**
050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: https://edu.e-history.kz/

The scientificjournal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, r
egistration certificate:
No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ "АЛЖИР" ӘЙЕЛДЕР ЛАГЕРІНІҢ ТАРИХЫ: ТАРИХНАМА ЖӘНЕ МҰРАҒАТТЫҚ ДЕРЕКТЕР

**Мұсағалиева А.С.**

тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

**Аңдатпа.** "АЛЖИР" аббревиатурасымен тарихта қалған Ақмоладағы "Отанын сатқандар" әйелдерінің лагері болатын. 1938 жылы Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің Солтүстік Қазақстандағы №26 нүктесі, Ақмоладағы "Отанын сатқандар" әйелдерінің лагері ашылды. Аталған лагерьде 1937-1938 жылдардағы "халық жауы" атпен қудаланған зиялылар мен мемлекеттік, партиялық қызметте болған адамдардың жұбайлары ұсталынды.
**Түйін сөздер:** АЛЖИР, Солтүстік Қазақстан

## ИСТОРИЯ ЖЕНСКОГО ЛАГЕРЯ "АЛЖИР" В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЯ И АРХИВНЫЕ ДАННЫЕ

**Мұсағалиева А.С.**

доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

**Аннотация.** Под аббревиатурой "АЛЖИР" в истории находился лагерь женщин -"предателей Родины" в Акмолинске. В 1938 году была открыта точка №26 В Северном Казахстане Карагандинского исправительно-трудового лагеря, лагерь жен "Атанасендар" в Акмолинске. В данном лагере содержались супруги интеллигенции 1937-1938 годов, преследуемые под именем" враг народа", и лиц, занимавших государственные, партийные должности.
**Ключевые слова:** АЛЖИР, Северный Казахстан

## HISTORY OF THE WOMEN'S CAMP "ALGERIA" IN NORTHERN KAZAKHSTAN: HISTORIOGRAPHY AND ARCHIVAL DATA

**Musagalieva A.S.**

doctor of historical sciences, professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University

**Abstract**. In Akmola, which went down in history under the abbreviation "Algeria", there was a camp of women "traitors to the motherland". In 1938, the Karaganda labor camp was opened at Point No. 26 in northern Kazakhstan, the women's camp "traitors to the motherland" in Akmola. In this camp, persecuted intellectuals under the name "enemies of the people" in 1937-1938 and spouses of people who held state and party positions were detained.
**Keywords:** Algeria, North Kazakhstan

"АЛЖИР" аббревиатурасымен тарихта қалған Ақмоладағы "Отанын сатқандар" әйелдерінің лагері болатын. 1938 жылы Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің Солтүстік Қазақстандағы №26 нүктесі, Ақмоладағы "Отанын сатқандар" әйелдерінің лагері ашылды. Аталған лагерьде 1937-1938 жылдардағы "халық жауы" атпен қудаланған зиялылар мен мемлекеттік, партиялық қызметте болған адамдардың жұбайлары ұсталынды.

Кеңес өкіметі жылдарында аталмыш тарих мүлдем зерттелмеді. Тіпті, адамдар әйелдер лагерлері бар екенінен хабарлары да болмады. Сондықтан ресми тарихнамада зерттеу жұмыстары мүлдем болмады. Тек қана эмиграцияға кеткен қайраткерлер еңбектерінде алғаш рет тарихи шындық айтыла бастады.

АЛЖИР туралы ақпараттарды белгілі орыс жазушысы А. Солженицынның еңбегінен алуға болады. «Архипелаг ГУЛАГ» кітабы 1958 жылдан 1967 жылдар аралығында жазылды, ол сталиннен кейінгі кезеңдегі, яғни "жылымық" жылдарының құжаттық әдебиеттік шығармалардың шыңы болып табылады. 1980 жылы Вермонт-Парижде А. Солженыциннің шығармалар жинағы шықты, кейінгі жариялануы да осы мәтін негізінде басылды. Автор кітаптағы тарихты бейнелеу тәсілі мен жанрын «әдеби зерттеу тәжірибесі» деп атады. Жазушы Александр Солженыциннің кеңестік репрессиялар кезіндегі тағдыры Қазақстанмен тікелей байланысты. Ол Жезқазғандағы Далалық ерекше лагердің тұтқыны, Кеңгір көтерілісіне де қатысқан болатын. Лагерь тұтқынының естелік әңгімелері еліміздегі лагерлер жүйесінің тарихы туралы дерек бола алады. Ол өз көргендері арқылы ГУЛАГ жүйесі түрмелері жағдайын ашып көрсетеді. Оның ішінде, әйелдер түрмелеріне де арнайы тоқталып өтеді. Ол еңбегінде әйелдердің лагердегі жан-тебіренісін врач-гинеколог Н.И. Зубовтың сөзін арқылы келтіреді: статистикалық жағынан әйелдерге қамауға алыну ер адамдармен салыстырғанда тез әрі ерекше әсер етеді, себебі ең басты мәселе – отбасын жоғалту болып табылады [1].

Елдегі саяси өзгерістерге байланысты 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында отандық тарихшылар саяси репрессиялар тарихын зерттеуге белсене араласты. Мерзімді басылым беттерінде материалдарды жариялау көбейді. Бұрын белгісіз болып келген құжаттарды ғылыми айналымға енгізу үдерісі басталды.

Әрине, алдымен қарағандылық тарихшылар лагерлер тарихын жазуға кірісті. Бұл мәселе түсінікті болатын. Себебі Қазақстандағы еңбекпен түзеу лагерлерінің басым көпшілігі елдің орталығы мен солтүстік өңірлерінде орналасты.

Бірінші кезекте Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің тарихы туралы мақалалар жарық көрді. Зерттеуші В. Диктің мақаласы алғашында «Казахстанская правда» газетінде шығып, үлкен қоғамдық пікір тууына алып келді. Кейін «О чем не говорили» жинағына енгізілді [2]. Автор жеке адамдардан сұрастырып, лагерлер тарихы жайлы жазды. Бұл материал Қарлаг туралы очерк болатын. Осыдан кейін лагерде болған адамдардың естеліктері, құжаттары, хаттары табыла бастады. Аталмыш лагерь тұтқындары Кеңестер Одағының түпкір - түпкірінде өмір сүретін.

1989 жылдары Қарағандыда қазақстандық «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының мүшесі Е. Кузнецованың ұйымдастыруымен «Индустриальная Караганда» газетінде «Мемориал памяти» деген рубрикамен саяси репрессиялар тақырыбы туралы мақалалар жариялана бастады. Осылайша Қарлаг мәселесінің зерттелуі күн тәртібіне қойылды [3].

Осыдан кейін лагерлер тұтқындары естеліктерді үздіксіз жариялай бастады. «Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері» туралы көптеген деректер де адамдар ойлары арқылы айтылады. Себебі лагерде болған әйелдер сол жылдардағы өмірлерін еске түсіру арқылы жазып жүр. Мәселен, Е.Гинзбург «Крутой маршрут», Е.Олицкая «Мои воспоминания», Н. Суровцевая, О. Адамова, Х. Волович, А. Войтоловская мемуарлары, Г.Степанова–Ключникова «Казахстанский АЛЖИР» [4] еңбектерін атауға болады.

Ал қазақ әйелдері туралы деректі материалдарды жарияланған журналист А.Тасымбеков болып табылады [5]. Армиял Тасымбеков мерзімді басылымдарда көптеген мақалалар және «Жан дауысы: АЛЖИР архипелагы» атты еңбегін шығарды. А.Тасымбеков «Отанын сатқандар

әйелдерінің Ақмола лагері» түрмесінің әйелдерінің естеліктерін жазды. Олардың ішінде Күләндәм Қожанова, Дәмеш Жүргенова, Бибіжамал Сырғабекова, Мәдина Оразова, Майқұр Сарымолдаева, Сағадат Таштитова, Сақыпжамал Темірбекова, Уәзипа Күленова, Әсимә Шоманова, Баршын Кәлменова, Зұпнұн Нұрмақова, Мәриям Есенгелдина, Күнжамал Майлина, Шәкітай Тәтімова, Елизавета Тухачевская, Азиза Рысқұлова, Сұлуқан Бағызбаева, Әйіш Құлымбетова, Елена Верещагина-Кельмансон, Елизавета Сәдуақасова, Варавара Курачева, Загфи Тналина, Мария Есқараева және т.б. Еңбекте әйелдердің естеліктері бойынша күйеулерінің қалай ұсталғандығы, өздерінің қалай ұсталғандығы, балаларының тағдырлары кеңінен айтылады. Сонымен қатар, түрмелерде болған әйелдердің психологиялық жағдайы суреттелген.

Автор Ақмоладағы «Отанын сатқандар» әйелдері лагерінің тұтқындары және басқа да репрессияға ұшыраған партия - кеңес қызметкерлерінің отбасы мүшелері естеліктерін жинақтау арқылы жеке адамдар өміріндегі большевиктік террордың ізін журналистік ізденістер арқылы ашып береді. Еңбекте тек қана жазаланушылар тағдыры емес, сонымен қатар ІІХК жүйесінде жұмыс жасаған қызметкерлер туралы да ақпараттар бар. Кітаптың басты құндылығы - бұрынғы тұтқындардан соңғы естеліктер алынуында екені даусыз.

Жоғарыда аталған естеліктер мен мемуарлар үлкен дерек көзі болып табылады. Мемуарлар, естеліктерді жеке адамдар жазады, әдеби-көркем шығарма болғанымен, мәліметтер белгілі бір дәрежеде тарихи оқиғаларды ашып береді. Бұл деректердің ерекшелігі ресми құжаттарда көрсетілмеген фактілер анықталады. Сондықтан да олар көптеген қызықты деректерді алуға көмектеседі. Деректер жазып отырған адамның ойын білдіреді, оның ішінде автордың жеке пікірі, саяси көзқарасы мен дүниетанымының кеңдігі әсер етеді.

1990 жылдары Мәскеуде ашылған Андрей Сахаров атындағы музей және қоғамдық орталығы "Воспоминания о ГУЛАГе и их авторы" атты электронды мәліметтер базасын құрастырды. Құрастырушылары Сахаров қоры (АҚШ), Джексон қоры (АҚШ), халықаралық даму бойынша АҚШ агентігі (АҚШ) қолдауымен Андрей Сахаров атындағы музей мен "Мир, прогресс, права человека" қоғамдық орталығы болып табылады [6]. Бұл қорда көптеген Ақмоладағы "Отанын сатқандар" әйелдерінің лагері тұтқындарының көптеген естеліктері бар.

Аталған мәселенің күн тәртібіне қойылуына тоқсаыншы жылдардың ортасындағы өзгерістер игі әсер етті. 1996 жылы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «1997 жылды жалпыұлттық келісім және саяси репрессия құрбандарын есте сақтау жылы деп жариялауы туралы» жарлығы шықты. Бұл саяси репрессиялар тарихын зерттеуге үлкен қызығушылық тудырды.

Осы кезде қарағандылық тарихшы Д.А. Шаймұханов алғаш рет Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің тарихына қатысты деректерді жинақтап, «Қарлаг» деп аталатын кітабын [7] шығарды. Бұл кітапта Орталық Қазақстан өңіріндегі лагерлер тұтқындары тағдыры, ұсталу жағдайы, олардың ауылшаруашылығы мен өндіріс орындарында жұмысқа тартылуы баяндалды. Сонымен қатар, кітапта Ақмоладағы «Отанын сатқандар» әйелдерінің лагері, әскери тұтқындар лагерлері мен ерекше лагерлер қатарындағы Далалық лагерь тарихы анықталады. Сол кезең тұрғысынан қарағанда, еңбек деректік материалдарға толы, талдауларға негізделген болатын.

Сонымен қатар, С.Ділманов пен Е. Кузнецованың «Қарлаг» атты брошюрасы да тақырыпты зерттеудегі бір қадам болып табылды. Авторлар кітабында Қарлаг жүйесі тарихына жалпылама сипаттамалар береді. Сонымен қатар, Қарағандыда да сексенінші жылдардың аяғындағыдай «Индустриальная Караганда» газеті беттерінде көптеген мақалалар жарық көре бастады. Бұрынғыдай емес, бұл кезде мақсат айқындалған, яғни саяси қудалау тек Қарлаг төңірегінде ғана емес, сонымен қатар басқа қырлары анықталды [8].

Ресейде де 1990 жылдардың аяғынан бастап, КСРО-дағы ГУЛАГ (Лагерлер Бас Басқармасы) жүйесі туралы еңбектер көптеп шыға бастады [9]. Әрине, бұл еңбектерде Ақмоладағы "Отанын сатқандар" лагерлер туралы көп деректер болмаса да, кейбір құжаттар кездесетін.

Тоқсаныншы жылдардың соңында саяси репрессиялар тақырыбы ғылыми тұрғыда қаралып, кандидаттық диссертациялар жазыла бастады. Зерттеуші А. Кукушкина диссертациялық жұмысында алғашқылардың бірі болып Лагерлер Бас Басқармасының Ақмоладағы «Отанын сатқандар» әйелдері лагері тарихын жаңа деректерді ғылыми айналымға енгізе отырып, талдады. Автор еңбегінде негізінен Ақмоладағы «Отанын сатқандар» әйелдері лагері құрылуы мен өмір сүруінің ерекшеліктеріне тоқталды. Кеңестік заңдық актілер арқылы лагердің ашылуын анықтайды. Сонымен қатар, тұтқындардың ұсталу жағдайын да беріп өткен. Кейін автор диссертациясын монография ретінде жариялады [10]. Жалпы алғанда, еңбекте Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағаты мен ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетінің Қарағанды қаласындағы филиалы мұрағатының сол кездегі қол жетімді деректерін қолданған. Сондықтан да шығар, зерттеуші аталған лагерьде 4 482 тұтқын болды деген қате ақпарат береді [10, 15 б.]. Онда аталған лагерге байланысты көптеген мәселелер талданған, оның ішінде тұтқындардың ұсталу жағдайы және еңбекке пайдалану дәрежесі, балалары туралы мағлұматтар беріледі.

Кейінгі кезде Қазақстандағы еңбекпен түзеу лагерлері туралы зерттеу жұмыстарын шетелдік тарихшылары да жазуда. Оның ішінде, неміс тарихшыларының қызығушылық білдіргенін айта кетуіміз қажет. Олар Қазақстандағы Қарағанды еңбекпен түзеу лагеріне қатысты зерттеулер жасап жүр. Оның ішінде, Бонн университеті зерттеуші ғалымдары Владислав Хеделер мен Мейнхард Штаркты айтуға болады [11].

Алғашында Мейнхард Штарк Лагерлер бас басқармасының әйелдер лагерлері туралы еңбегінде қазақстандық тұтқындар туралы қысқа мәліметтер берсе, Владислав Хеделер 1929-1940 жылдар аралығындағы Қарағанды лагерінің әкімшілігі мен күзет қызметі туралы мақалалар шығарды. Кейінгі жылдарда ғалымдар біртіндеп терең зерттеулерге көшті. Неміс тарихшылары 2007 жылы қарағандылық мұрағаттық құжаттарды қолданып, «Могила в степи. Жизнь в ГУЛАГе. История одного советского ИТЛ. 1930-1959», «Карагандинский ИТЛ. 1930-1959. Документы об истории лагерей, узников и надзирателей» деп аталатын екі кітап шығарды. Еңбектерде 1930-1959 жылдардағы Лагерлер Бас Басқармасының Қарағанды еңбекпен түзеу лагері туралы материалдар сарапталып, талдаулар жасалған. Владислав Хеделер мен Мейнхард Штарк Қарағанды облыстық мұрағатының және ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетінің Қарағанды қаласындағы филиалының кейбір құжаттарын ғылыми айналымға енгізген. Тарихшылар Қарлаг мұрағатынан тұтқындардың 800 мың карточкасын, 60 мың жеке істерін, қызметкерлердің 20 мың жеке істерін қараған. Әсіресе, лагерь құрылымы, жұмыс істеу барысы, тұтқындардың азапталуына ерекше мән берілген.

Бүгінгі күні Қазақстан территориясында болған отандастары туралы басқа мемлекет елшіліктері қолдап, еңбектер даярлауда [12]. Мәселен, Қазақстандағы Белорусь Республикасы елшілігінің басшылығымен «Возвращенные из небытия» деп аталатын кітап шығарылды. Онда ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен ҚР Бас Прокуратурасынан сұраныс хат арқылы алынған 1931-1958 жылдар аралығындағы саяси репрессияға ұшыраған адамдар тізімі жасалған. Тізімде арнайы қоныс аударушылар да, еңбекпен түзеу лагерлерінде, оның ішінде Қарлаг пен «Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагерінде болғандар да аталып өтеді. Қудаланған адамдар Қазақстанның барлық облыстары бойынша бөлініп-бөлініп беріледі. Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагері тұтқындары бөлек анықталған.

Сонымен қатар, АҚШ - тың Вирджиния штатында Фейрфакс қаласында орналасқан Дж.Мэсон университетінің тарих және өнертану тарихы кафедрасының қызметкері Стивен Барнес Қарлаг тақырыбына байланысты монография шығарды [13].

2003 жылы Мәскеуде "Мемориал" халықаралық қоғамы мен Астана қаласы мен Ақмола облысы заңсыз репрессиялар құрбандары ассиоциациясы бірігіп "Узницы АЛЖИРа" (Список женщин - заключенных Акмолинского и других отделений Карлага) [14] атты еңбек шығарды. Еңбекте Ақмоладағы "Отанын сатқандар" әйелдерінің лагерінде болған әйелдердің тізімі

жарияланған. Бұл кітапта 1938-1940 жылдардағы Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің 7259 тұтқындары туралы қысқа анықтамалықтар берілген.

Осы тұста лагерь тарихына өзекті мәселені айтып өту қажет. Ақмоладағы "Отанын сатқандар" әйелдері лагерінде 1938-1953 жылдар аралығында 18 мың әйел тұтқында болған. Әрине, барлығы бір уақытта емес, бірі келіп, бірі басқа лагерьге кетіп жатқын. Жоғарыда айтылған жинақта соның тек қана 8 мыңға жуығы берілген. Сондықтан да тұтқындарды анықтау жұмысы әрі қарай жүргізілуі керек. Астанадағы АЛЖИР саяси репрессиялар музейінің ақпараты бойынша, 2007 жылдан бері лагерь тұтқындарының 50-ден астамы анықталып, "Стена памяти" деп аталатын музей жанындағы қабырғадағы тізімге аттары енгізілген.

Енді аталған тақырыптың деректік негізіне тоқталайық. Ресей мұрағаттық жүйесімен салыстырғанда қазақстандық мекемелерде айырмашылықтар көрінеді. Ресейде кеңестік лагерьлер туралы құжаттар мемлекеттік мұрағатта болса, бізде кеңестік еңбекпен түзеу лагерлері құжаттарының басым бөлігі - ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетінің Қарағанды қаласындағы филиалы мұрағатында. Өкінішке орай, КСРО да үшінші орын алған қазақстандық лагерлер жүйесінің көлемді деректік базасы ведомстволық мұрағат еншісінде қалып отыр. Оның үстіне, жаппай саяси репрессияларға қатысты мұрағаттық құжаттарға ғылыми-техникалық өңдеу жүргізілмегендіктен, зерттеушілерге берілмеуде. Бұл материалдарға қызығушылық тек қана қазақстандық тарихшылар тарапынан ғана емес, сонымен қатар шетелдік, қала берсе ресейлік зерттеушілер де қызығушылық білдіріп отыр. Әрине, өз азаматтары Қарлаг тұтқындары болғандықтан, олардың тағдыры туралы білгісі келеді.

Бүгінгі таңда 1929 жылдан 1942 жылға дейінгі кезеңдегі КСРО НКВД ІІМ Қарағанды лагері қамау орындарында болған сотталғандардың 22 768 жеке ісі өңделген. Сонымен қатар, Қазақстанда 1990 жылдардың ортасынан бастап еңбекпен түзеу лагерлері құжаттары құпиясыздандырылған. Ал лагердің басқарушы, ұйымдастырушы құжаттары туралы мәліметтер тәртіпке келтірілмеген. Және де бұл ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетінің ведомстволық мұрағаты болғандықтан зерттеушілерге жұмыс істеуге рұқсат шектеулі. Осы себептердің барлығы бүгінгі таңда қазақстандық еңбекпен түзеу лагерлерінің тарихының зерттелуіне кедергі келтіріп отырғанын айтып өтуіміз керек.

ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетінің Қарағанды қаласындағы филиалында жүйеленбеген құжаттарды ғылыми- техникалық өңдеуді Қарағанды облыстық мұрағатының қызметкерлері жүзеге асыруда. Сондықтан да, лагерьлер тарихын зерттеу жұмысы 2000 жылдардың ортасынан бастап уақытша тоқтап тұр деп айтуға болады.

Дегенменен, қазақстандық мұрағаттардан Ақмоладағы "Отанын сатқандар" лагерінің тұтқындары туралы жанама деректерді табуға болады. Саяси репрессиядан зардап шеккен адамдардың өздері мен балаларының естеліктерін жинақтап отырған мұрағаттар бар екенін айта кетуіміз қажет.

КСРО саяси репрессиялар құрбандары мен туыстары туралы естеліктер мен мемуарларды жинақтауды ҚР Президентінің мұрағаты жылдар бойы жүргізген. 2001 жылы «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының белсенді мүшелері С.Р. Айтмамбетова, Л.Ф. Варшавский, И.Х. Сүлейменовалар репрессия құрбандары мен туыстарының естеліктерінің аталған мұрағатқа өткізді. Бұл құжаттар негізінде «Страницы трагических судеб» [15] кітабы даярланды және мұрағатта №122-Н - «КСРО - дағы саяси репрессиялар дан зардап шеккендер және құрбандар құжаттары коллекциясы (1988-2006 жж.) деп аталатын қор [16] жасалды.

ҚР Президентінің мұрағаты қорындағы естелік айтушылар ішінде республиканың әртүрлі партия-кеңес саласының қызметкерлері бар. Мәселен, Х. Досмұхамедовтың қызы Қ. Досмұхамедованың, Д. Ермекованың, В. Майжолова-Күленованың, З. Тіналинаның, З. Төреғожиннің баласы М. Баймахановтың, Ғ. Куватовтың баласы Б. Аюхановтың, Т. Рысқұловтың қызы С. Рысқұлованың, І. Жансүгіровтың баласы С. Жансүгіровтың және т.б. естеліктерін

кездестіреміз. Естеліктер - кеңестік саяси репрессияның жеке адамдар тағдырында қандай роль атқарғанын анықтап беретін дерек көзі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақстандық мұрағаттар ішінде ҚР Президентінің мұрағаты үлкен жұмыс жасағанын айта кету керек.

Қарағанды облыстық мұрағатында №1487 - өлкетанушы Ю. Поповтың қоры жасақталған [17]. Қорда саяси репрессияларға байланысты мерзімді басылым беттерінде жарияланған әртүрлі тақырыптағы мақалаларды кездестіруге болады. Атап айтсақ, 389-істе А. Карпенчуктің «Узники «Совхоза НКВД», Ю. Поповтың «С экскурсоводом по Карлагу», Ә. Абдакимовтің «Нашу дружбу проверило время», Ю. Поповтың «Они были первыми», В. Диктің «Карлаг», Р. Нарешевтің «Такое забыть нельзя», Е. Кузнецованың «Дети геноцида», В. Голышкин, К. Минкинтердің «Назвать всех поименно», А. Горячевтің «Я ничего не забыл...» атты жарияланымдарын көреміз.

Ақмола облыстық мемлекеттік мұрағатында “Отанын сатқандар” әйелдерінің лагерінің тұтқындары туралы мәліметтер беретін №1277 - «30-40 жылдардағы репрессия құрбандары және олардың туыстары туралы құжаттар жиынтығы. Целиноград қаласы. 1991-2000» қор бар. Қор көбінесе мұрағатқа келіп түскен анықтамаларды жинақтау нәтижесінде жүзеге асқан. Бұл материалдар негізінен «Отанын сатқандар әйелдерінің» Ақмола лагері тұтқындарының және әр жылдарда осы өңірге жіберілген арнайы қоныс аударушылардың өздерінің немесе туыстарының сұрау шағымдары мен естеліктері, оларға қайтарылған жауаптары болып табылады. Сондықтан да, құжаттар Ақмола өңіріндегі еңбекпен түзеу лагерлерінің тарихын толық ашып бере алмайды. Әрине, деректік әлеуеті төмен екенін жоққа шығармаймыз, бірақ лагерлердегі адамдардың тағдырын ашып беруде осы сипаттағы құжаттар қажет деп білеміз. Сондықтан да, жергілікті мұрағат тарапынан қабылданған бұл шаралар дер кезінде мәліметтерді жинауға мүмкіндік берді.

Қордың құрылу тарихын көрсетелік. 1991 жылдың 17 маусымдағы шешіміне сай мемлекеттік мұрағат дирекциясының саяси репрессия құрбандары және олардың туыстары туралы құжаттар коллекциясы [18] деп аталатын қор жасала бастады. Олар ресми “Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері” деген атаумен белгілі болған, Р-17 (КСРО ІІМ Қарлагының Ақмола бөлімшесі) еңбекпен түзеу лагерінің кейбір тұтқындары туралы өмірбаяндық анықтамалықтар және сонымен қатар Целиноград облыстық мемлекеттік мұрағатына келіп түскен сұраныстар ретінде хаттар коллекцияны толықтырып тұрды.

Сонымен қатар, Ақмола облыстық мемлекеттік мұрағатынан сұралған облысқа арнайы қоныс аударушылар ретінде жіберілген азаматтарды ақтаумен байланысты мәселелер бойынша жекелеген құжаттар кірді. Тізімдемеде 1992-1993 жылдарда арыздар, репрессияға және депортацияға ұшыраған азаматтар мен олардың отбасы мүшелерінің хаттары енгізілген. «Отанын сатқандар әйелдерінің» Ақмола лагерінің тұтқындары Н.Б. Воронкова, Е.В. Безумова, Г.М. Савчукова, А.А. Косталевскаялардың естеліктері бар. Онда олардың бүкіл өмірі мен лагерде көрген қиыншылықтары түгел тізіліп жазылған. Сонымен бірге, депортацияға ұшыраған отбасылар Молдавиядан келген Кислюктар, поляк Гурчинскилер, Төменгі Волга аймағынан келген Поповтар, Донецкіден келген Лесиктер, Челябі облысынан келген Ремдер туралы анықтамалар мен олардың қалай келгендерін баяндаған хаттары жинақталған. Осындай құжаттарды жинақтап, қор жасау қазақстандық мұрағаттарда сирек кездеседі. Сондықтан да, бұл мәліметтер тақырыпты ашуға өзіндік үлесін қоса алады.

Ақмола қаласының мемлекеттік мұрағаты 1995 жылғы 1 маусымдағы Ақмола облыстық әкімшілігі мұрағат және құжаттама басқармасы бұйрығымен және Ақмола қаласы әкімінің шешімімен құрылды [19]. Кейін Астана қалалық мұрағаты деп аталынды, мекемеге көптеген қорлар Ақмола облыстық мұрағатынан алынды. Саяси репрессияларға қатысты қорлар да басқалар сияқты екі мұрағатқа бөлініп кетті. Бізге Ақмола облысының тарихына байланысты материалдарды зерттеу үшін екі мекемені толық қарауға тура келді.

Бұл лагерь тарихына байланысты Астана қалалық мұрағатында да қор бар. Ол бұрын Ақмола облыстық мемлекеттік мұрағатында №1274, қазір Астана қалалық мұрағатында №370 нөмірмен сақталған М.Т. Юзипенконың жеке қоры (1921-1994 жж.). М.Т. Юзипенко 1940-1941

жылдары Қарлагтың Ақмола бөлімшесінің бастығы, 1941-1943 жылдары аталған лагердің, яғни «Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагерінің бастығының орынбасары болып қызмет еткен [20]. Көріп отырғанымыздай, Қарлагта басшылық жұмыстар атқарған адамның өткізген материалдарын жинақтаған қор. Қорда М.Т. Юзипенконың естеліктері, лагерде болған әйелдермен жазысқан хаттары, редакцияларға, әртүрлі партия - кеңес органдарына, прокуратураға, ІІМ ардагерлер кеңесіне жазған шағым - арыздары жинақталған. Қор авторы естеліктерін 1990, 1991, 1997 жылдары өткізген, жалпы саны 90 - ға жуық іс жасалған. Қордың алғысөзінде М.Т. Юзипенконы «1934 жылдың ақпанынан 1948 жылдың наурызынан дейін Қазақ КСР ІІХК - ІІМ жүйесінде қызмет еткен, оның ішінде, яғни «26 нүкте», «АЛЖИР» деп аталған Қарлагтың Ақмола лагерінің бастығының орынбасары болды» делінген. Басқа түсіндірусіз бергендіктен, оны Ақмола тарихына еңбегі сіңген азаматтардың бірі деп ойлап қалуыңыз да мүмкін.

Қор құжаттарын талдаудан ІІХК-інің қызметкерінің өзін-өзі ақтауы жолындағы соңғы серпінісін байқаймыз. Қайта құру жылдарынан соң мерзімді басылымда жарық көрген журналистердің Қарлаг, АЛЖИР туралы ащы шындықты айтып жазған мақалаларына байланысты М. Юзипенко көп айтысқан. Бірнешеуін көрсетелік. «Казахстанская правда» газетіне шыққан В. Диктің «Карлаг» атты мақаласына байланысты газет редакторы Ф.Игнатьевке, «Ленинская смена» газетіне шыққан В. Комаровтың лагерь тұтқындары Тіналина мен Шубрикованың айтуымен жазылған «Правда Алжира» мақаласына қатысты Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің хатшысы С. Қондыбаевқа, Целиноград облыстық прокуроры В. Варлаковқа, «Труд» газетіне шыққан Е. Головняның «Изменницы» деген интервьюіне және түсірген фильміне байланысты газет редакторы мен М. Горький атындағы киностудияға жазған арыздары бар. Барлық арыздарында ол өзінің кінәсіз екендігін дәлелдеп бағады. Мәселен, В. Диктің «Қарлаг» мақаласына байланысты «Казахстанская правда» газетіне жазған хатында онда өзі мен Бариновтың ғана фамилиясы аталғанына наразылық білдіреді. В. Диктің мақаласына тарихи әділеттілікті көрсете алмады және адамдардың қарым - қатынасын қиындатады деп пікір беріп те қояды. Және де Қарлаг пен ОСӘАЛ тұтқындарының жалданушылар сияқты еркіндікте жүріп жұмыс жасағанын дәлелдеп бағады.

Енді В. Диктің мақаласына тоқталып өтелік. 1988-1989 жылдарда қайта құру мен жариялылықтың арқасында шығып жатқан мақалалардың ішінде аталған автордың жарияланымы ерекше көрініп тұратын. Шындығында, автор алғашқылардың бірі болып, Қарлаг пен АЛЖИР тарихын бұқараға жайып салды. Сонымен қатар, мұрағаттық деректердің, оның ішінде Қарлаг тұтқындары жеке істерін сақталуына байланысты және Спаскідегі атаусыз қалған 15 мың адамның моласына ескерткіш қою туралы өз толғаныстарын білдірген болатын [21].

М. Юзипенконың ақталмақшы болып істеген қарекеттеріне сын - пікірді А. Тасымбековтың «Жан дауысы: АЛЖИР архипелагы» кітабынан алуға болады. Еңбекте «Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагерінде болған тұтқындардың естеліктері мен мемуарлары ішінен аталған лагерь бастығы туралы мәліметтерді кездестіреміз. М. Юзипенконың мұрағатқа өткізген құжаттарында З. Тінәлина туралы біршама айтады. Оны Ақмолада лагерде болған жоқ деген пікірін де білдіреді. А. Тасымбеков З. Тінәлинадан қақтығыстың мән - жайын сұраған. З. Тінәлина төмендегідей жауап берген: «Ойлашы өзің, ол кезде әйелдер лагері бастығының орынбасары болып, бізге тұтқын ретінде қараса, ал ендігі ақталып отырған біздер, мыңдаған аналар оған неге кешірім жасауымыз керек. Уақыт өтті деп кешіріммен қарасақ, қиянатымызды ұмытқанымыз емес пе. Бұл бір де. Екінші, Юзипенко Ұлы Отан соғысына қатысушы ретінде орден - медальдармен наградталып, қолын жылы суға малып отырған қадірменді зейнеткер. Ал біз болсақ, Ұлы Отан соғысы жылдары лагерь тұтқыны болдық. Сонда өзіміз көрген қасіретті өзіміз жасырғанымыз шындықтың тұнба бастауын бітеп тастағанмен бірдей болғаны да. Жоқ, олай болмау керек. Сондықтан Юзипенконың қасірет жылдары істеген ісін қолдай алмаймын, мыңдаған аналардың атынан оның орден, медальмен орынсыз наградталғаны жөнінде жазғаным

рас. Юзипенко да қалысқан жоқ. Қорғанып бақты. Мен оны осылай, баспасөз арқылы тұқыртып алдым» [22]. Ал Шубрикованың баласы К. Шубриков та «Әлгі Юзипенко дегеннің сөзіне сене бермеңдер. Зобалаң уақыттың сұрқылтайларының бір сол. Ол «Алжирдің» лагерь бастығының орынбасары болғандықтан өзін - өзі ақтайын деп, бас бостандығынан айрылған аналар өмірін «ұжмақпен» салыстырғысы келеді, нақұрыс. Білемін оны білемін» [22, 82 б.] деп баяндайды.

Ал М. Юзипенко Қарлаг Ақмола бөлімшесінің қалыптасуы туралы жазбаларында «Отанын сатқандар» әйелдері лагерінде соғыс кезінде жағымды жағдайдың қалыптасқанын, әйелдер сегіз сағат жұмыс істеп, балаларымен бірге тұрып, барлық медициналық қызмет көрсету салалары болды деп дәлелдейді. Осы жазбада А. Солженицын туралы мынадай сөздер бар: «Өзі қылмыскер болып табылатын Солженицын кеңес өкіметі мен коммунистік партияға жек көрушілікпен қарайды. Ол өзінің кітабында Қарлагта жексенбі күндерді пайдаланды, онда тұтқындарды соттады және оларға мерзімдерін көбейтіп берді деп жазады. Бұдан өткен ақымақтықты ойлап табуға болмайды» [23]. Лагерлерді былай суреттейді: «Лагерлер репрессиямен ешқашан айналысқан жоқ, олар бір жерлерде репрессияланғандарды алып отырды, олардың міндетіне қалыпты адами, тұрмыстық жағдайды жасау, еңбекте пайдалану және қашып кетпеу үшін күзету кірді» [24]. Ал «Свидетельствую как это было (К истории Карлага)» жазбасында лагерді тіпті одан әрмен керемет етіп көрсетеді: «Қарлагты тұтқындар орны емес, курорт болды деп айта аламын ба? Басқа лагерлермен салыстырғанда – иә!» [25]. Оның қорында тіпті «К воспоминанию о работе в МВД» деген 43 беттен тұратын жазып шыққан еңбегі де бар [26]. Онда Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің шығу тарихы, өзінің әртүрлі лагерлердегі тұтқындармен жұмыс істеу кезіндегі сіңірген еңбегін жан - жақты баяндайды.

М. Юзипенко өзінің лагерь тұтқындары болған әйелдермен хат жазысып тұрғанын тұтқындарға жақсы жағдай жасағандығынан деп түсіндірмек болады. Бірақ хаттардың түпнұсқаларын бермейді, оны ІІМ музейіне тапсырылған деп дәйектейді [27]. Бұл туралы арнайы «Записка о том, как у меня собралось много писем тех женщин, которые были в 1937 году репрессированы и содержались в Акмолинском лагере» жазба қалдырған [28]. А. Тасымбеков былай еске алады: «1990 жылы Малиновка поселкісінде, сталиндік зобалаңда, алжирде қайтыс болған аналарға арнап «Әділет» - «Мемориал» қозғалысының ұйғарымымен және көпшіліктің талап - тілегімен ескерткіш орнатылды. Бұған сондағы Ақмола құс фабрикасының басшылары мұрындық болып, қолдау көрсеткенін атап өткеніміз жөн. Бұрынғы Кеңестер Одағының әр жерінен тірі қалған аналар жиналды» [22]. Осы кездесуге қатысқан сол кездегі Малиновка селосындағы «Алжир лагерінің тарихы» музейінің меңгерушісі Р. Жақсыбаеваның айтуынша, кездесуге тұтқында болған әйелдердің көпшілігі келген. Олар сол жүздесуге қатысқан М. Юзипенконы жек көретіндерін ашық білдірткен. Р. Жақсыбаева оның тұтқын әйелдерден хат алысып тұрғандығын да жоққа шығарады, көптеген құжаттарды М. Юзипенко қолдан жасады деп пікір білдіреді. М. Юзипенконың басшылығында болған лагерь тұтқындары зобалаң жылдары жайлы естеліктерді жариялады. Тарихшылар бүгінгі таңда «Отанын сатқандар» әйелдерінің лагеріндегі соғыс жылдарындағы жан түршігерлік жағдайдың болғанын мұрағаттық деректермен де дәйектеді.

Дегенменен де, осындай жеке адамның өзін ақтауға арналған құжаттарының ешқандай сын-пікірсіз астаналық мемлекеттік мұрағаттың тұтас қорына айналып тұрғаны өкінішті-ақ. Әрине, оның жазған естеліктерінен Қарлагтың жүйеленген тарихы туралы материалдарды ала алатынымызды жоққа шығармаймыз, әсіресе мекеме басшылары, шаруашылық жағдайы мен экономикалық әлеуетіне қатысты мәліметтер кездеседі. Сонымен қатар, қор құжаттарынан сталинизмнің екінші қырын, репрессияны жүргізуші мекеме қызметкерінің толғанысын көреміз. Біздіңше, қордың аты өзгертілуі қажет және арнайы түсіндірме берілуі керек. Жалпы, мұрағат қызметкерлері жеке адамдардың қорларын жасаған кезде отан тарихында қалыптасқан тұжырымдамаларды негізге алғандары жөн деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде, Ақмоладағы "Отанын сатқандар" әйелдерінің лагері тарихының тарихнамасы әлі де жаңа деректермен толығары сөзсіз. Негізі 1990 жылдардың аяғында жазылған зерттеу еңбектерін алып қарасақ, көпшілігі Қарағанды облыстық мұрағатының және ҚР Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша Комитетінің Қарағанды қаласындағы филиалында 2000 жылдардың бас кезіне дейін шашырап жатқан, техникалық өңдеуден өтпеген құжаттарды ғылыми айналымға ендірген. Толық, тақырыпты кең түрде аша алатын деректерді ашу болашақтың ісі. Сондықтан да болар, соңғы жылдары аталған тақырыпқа байланысты еңбектер азайып кетті. Ал естеліктер, мемуарларды ғылыми талдаудан өткізіп жазылған еңбектер жоқтың қасы. Бұның барлығы тақырыпқа қатысты жаңа деректерінің анықталып, зерттелуі қажеттілігін анықтайды.

1. Солженыцин А. Архипелаг ГУЛАГ. В 4 т. – Москва: ИНКОМ НВ, 1991. - 432 с.

2. Дик В. Карлаг. История и судьбы // Казахстанская правда. 1989. - №24; Дик В. Карлаг. История и судьбы. О чем не говорили: Докум. рассказы и очерки / Сост. Л.П. Лукина, Е.А. Сатыбалдиев. - Алма-Ата: Жалын, 1990. - С.84-97.

3. Номера судьбы // Индустриальная Караганда. 1989. - 19 января; Ертысбаев Е. Комментарий к комментарию // Индустриальная Караганда. 1989. - 1 апреля; Киселев В. Донос. Случай из жизни // Индустриальная Караганда. 1989. - 14 мая; Е. Кузнецова. Письма из марта // Индустриальная Караганда. 1989. - 25 ноября; Майер К.Так это было…// Индустриальная Караганда. 1989. - 25 ноября; Е. Кузнецова. Заводской переулок, №3 // Индустриальная Караганда. 1989. - 30 ноября.

4. Гинзбург Е. С. Крутой маршрут: Хроника времен культа личности : в 2 т. / обл. С. Тяжелова. - Рига: Курсив: Творч. фотостудия Союза журналистов ЛССР, 1989.; Олицкая Е. Л. Мои воспоминания : в 2 кн. / Обл. Н. И. Николенко. - Frankfurt / Москва: Посев, 1971., Кн. 2. - 270, II с.; Суровцева Н. В. Колымские воспоминания / биогр. справка Д. Калюжного // Доднесь тяготеет. Вып. 1 : Записки вашей современницы / сост. С. С. Виленский. - Москва: Сов. писатель, 1989. - С. 252-262; Адамова-Слиозберг О. Л. Путь / предисл. Н. Коржавина; худож. Д. С. Мухин. - Москва: Возвращение, 1993. - 254 с.; Волович Х. В. О прошлом // Доднесь тяготеет. Вып. 1: Записки вашей современницы / сост. С. С. Виленский. - Москва: Сов. писатель, 1989. - С. 461-494; Войтоловская А.Л. По следам судьбы моего поколения. - Сыктывкар: Коми кн. изд-во, 1991. - 334 с.; Степанова-Ключникова Г. Е. Казахстанский Алжир / Ассоциация жертв незаконных репрессий. - Москва, с. Малиновка, г. Астана. – 2003. – 64 с.

5. Тасымбеков А. Жан дауысы: АЛЖИР архипелагы. Алматы, 1994.

6. http://www.sakharov-center.ru.

7. Шаймуханов Д.А., Шаймұханова С.Д. Карлаг. - Қарағанды: ГРК ПО «Полиграфия», 1997. - 175 с.

8. Михеева Л. Спецпереселенцы // Индустриальная Караганда. 1998. - 21 января; Григорьева Т. «Баллада о черном солнце» // Индустриальная Караганда. 1998. - 29 января; Михеева Л. Немцы в Карагандинской области // Индустриальная Караганда. 1998. - 3 марта; Чумакова З. Рожденные быть свободными // Индустриальная Караганда. 1998. - 19 марта; Жұмасұлтанов Ә. 30 жылдар қасіреті // Орталық Қазақстан. 1998. - 24 наурыз; Ю. Попов. Караганда и Сарань в жизни Заболоцкого // Индустриальная Караганда. 1998. - 9 июля.

9. Система исправительно-трудовых лагерей в СССР 1923—1960: Справочник / Сост.: М. Б. Смирнов; Редкол.: А. Ю. Даниэль, Л. С. Еремина, Е. Б. Жемкова и др. О-во «Мемориал», Гос. архив РФ — Москва: Звенья, 1998. — 600 с.; Smirnov M., Sigaev S., Škapov D. Il sistema dei luoghi di reclusione in Unione Sovietica. 1929–1960 // Gulag: Il sistema dei lager in URSS / A cura di Marcello Flores e Francesca Gori. — Milano: Ed. Gabriele Mazzotta, 1999 (repr. 2000–2002). — P. 57–84.; ГУЛАГ: Главное управление лагерей. 1918–1960: [Документы] / Сост. А. И. Кокурин, Н. В. Петров; Науч. ред.: В. Н. Шостаковский. — Москва: Фонд «Демократия», 2000. — 888 с.; История

сталинского Гулага. Конец 1920-х – первая половина 1950-х годов: Собрание документов в 7 томах / Т. 2. Карательная система: структура и кадры / Отв. ред. и сост. Н. В. Петров; отв. сост. Н.И. Владимирцев. — Москва: РОССПЭН, 2004. — 696 с.

10. Кукушкина А.Р. Акмолинский лагерь жен «изменников родины»: история и судьбы. - Караганда: Болашақ - баспа, 2002. – 184 с.

11. Meinhard Stark. Frauen im Gulag. Alltag und Uberleben. 1936 bis 1956. Hanser: Carl Hanser Verlag, 2003. – 552 s.; Wladislaw Hedeler. Das Beispiel KARLaq. Die Verwaltung eines Besserunqsarbeitlaqer // Stalinscher Terror. 1934-1941. BasisDruck: Verlaq GmbH, 2002. – 371 s.; Wladislaw Hedeler, Meinhard Stark. Das Grab in der Steppe. Leben im GULAG. Die Geschichte eines sowjetischen «Besserunqsarbeitlaqers» 1930-1959. Paderborm: Ferdinand Schoninqh Verlaq, 2007. – 463 s.; Wladislaw Hedeler (Hrsq.) KARLAG. Das Karaqandinsker Besserunqsarbeitlaqer. 1930-1959. Dokumente zur Geschichte des Laqers, seiner Haftlinqe und Bewacher. Paderborm: Ferdinand Schoninqh Verlaq 2007, 363 s.

12. Возвращенные из небытия / Сост. Л.В. Пакуш, В.М. Лившиц. Горки: УП «Конвент», 2004. – 166 с.

13. Steven A. Barnes. Death and Redemption: The Gulaq and the Shapinq of Soviet Society, Princeton University Press, 2010.

14. "Узницы АЛЖИРа" (Список женщин - заключенных Акмолинского и других отделений Карлага). Москва: "Звенья", 2003. - 567 с.

15. Страницы трагических судеб: Сборник воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920-1950-е гг. / Сост. Е.М. Грибанова, А.С. Зулкашева, А.Н. Ипмагамбетова и др. – Алматы: Жеті жарғы, 2002. – 448 с.

16. ҚР Президентінің мұрағаты, 122-Н-қор, 1-тізімдеме, 1-іс, 1-2-пп.

17. Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағаты, 1487-қор, 1-тізімдеме, 389-іс.

18. Ақмола облыстық мемлекеттік мұрағаты, 1277-қор, 1-тізімдеме, 1-іс, 1-2-п.

19. Астана қалалық мемлекеттік мұрағаты (әрі қарай - АҚММ), 429-қор, 1-тізімдеме, 1-іс, 1-п.

20. АҚММ, 370-қор, 1-тізімдеме, 50-іс, 1-6-пп.

21. Дик В. Карлаг. История и судьбы // Казахстанская правда. 1989. - №24; Дик В. Карлаг. История и судьбы. О чем не говорили: Докум. Рассказы и очерки / Сост. Л.П. Лукина, Е.А. Сатыбалдиев. - Алма-Ата: Жалын, 1990. - С.84-97., 84-97 бб.

22. Тасымбеков А. Жан дауысы: АЛЖИР архипелагы. Алматы, 1994., 70 б.

23. АҚММ, 370-қор, 1-тізімдеме, 50-іс, 8-п

24. АҚММ, 370-қор, 1-тізімдеме, 50-іс, 9-п.

25. АҚММ, 370-қор, 1-тізімдеме, 51-іс, 13-п.

26. АҚММ, 370-қор, 1-тізімдеме, 49-іс, 1-43-пп.

27. АҚММ, 370-қор, 1-тізімдеме, 70-іс.

28. ҚОММ, 102-қор, 1-тізімдеме, 1-іс, 1-2-пп.

## МАЗМҰНЫ

**Абдимомынов Н.Т.**
АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (1242-1269 жж.)....8
**Алдажұманов Қ.С.**
СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ КАРТОЧКА ЖҮЙЕСІ (1941-1945)....20
**Алмагамбетова А.М.**
1959-1970 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АНАЛИЗЫ....28
**Алпысбес М.**
ЖАҺАНДАНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ХАЛЫҚТАР БІРЛІГІН НЫҒАЙТУДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТАРИХ МҰРАЛАРЫ....37
**Асанова С.А.**
ТАРИХИ ӘҢГІМЕ-ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ....48
**Әбділдабекова А.М.**
XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ОТАРЛЫҚ КЕЗЕҢДІ БАҒАЛАУ....53
**Әбжанов Х.**
АКАДЕМИКТІҢ АМАНАТЫ....58
**Әбубәкірова Ә.П.**
ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ШЕКАРАЛЫҚ КЕЛІССӨЗДЕР МӘСЕЛЕСІ....64
**Әділжанов Н.**
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: ФОРМАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТТІК ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ (ТАРИХИ-САЯСИ АСПЕКТІ)....72
**Баудиярова К.Б.**
ОТБАСЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУДАҒЫ ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР....82
**Егізбаева М.Қ., Бейсегулова А.Қ.**
ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТІ....89
**Жайлыбаев Д.Ж.**
ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ЖАЗЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕР....95
**Жакин М.С.**
БӨРІ БАТЫР: АҢЫЗ ЖӘНЕ ДЕРЕК (сыни талдау тәжірибесі)....99
**Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д.**
ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР....113
**Жетписбаев А.О.**
XIX-XX ҒҒ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ: ХАЛЫҚ САНАҒЫ: ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША....122
**Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д.**
ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ МЕКЕН ЕТКЕН ТЕРРИТОРИЯНЫҢ ТАБИҒИ ЛАНДШАФТЫ (VI-X ҒҒ.)....131
**Кабдушев Б.Ж., Кабдушева Л.Ж.**
ҚАЗАҚСТАНҒА АРНАЙЫ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ....138
**Кариев Е.М.**
ЕУРАЗИЯ КӨНЕ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ БАСТАУЛАРЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРАСЫ (ерте темір дәуірі және қазіргі заман)....144
**Каринбаев Ж.Ә.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕЛОРУС ЭТНОСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ: ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН БҮГІНІ....152
**Картаева Т.Е., Оралбай Е.**
ҚҰДЫҚ ҚАЗУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚҰДЫҚ ТҮРЛЕРІ (АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША)....163
**Кәрібаев Б.Б.**
XV Ғ. СОҢЫ МЕН XVI Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ....180
**Кәрібаев Б.Б., Ноғайбаева М.С.**
XV Ғ. І ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫНАН....186
**Қозғамбаева Г.Б.**
ҰЛЫ ҒАЛЫМ, ГЕОЛОГ – ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ....193

**Қозғамбаева Г.Б., Бейсегулова А.Қ.**
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ МУЗЕЙІ........198
**Қозыбақова Ф.А.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАРЫҚ МЕХАНИЗМІНІҢ СОҢҒЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚАРСЫ СТАЛИНДІК ЭКСТРЕМИСТІК САЯСАТ........206
**Қозыбақова Ф.А., Рвайдарова Г.О.**
1921-1922 ЖЖ. ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖЕР-СУ РЕФОРМАСЫНА ЖАҢА КӨЗҚАРАС........214
**Майданали З.**
ИМПЕРИЯЛЫҚ КОНФЕДЕРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ БІРЛЕСТІКТЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР)........222
**Махаева А.Ш., Чаргынова Г.О.**
ШЫҒЫС ТҮРКІСТАНДАҒЫ XIX ҒАСЫРДЫҢ 60-70 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚЫРҒЫЗДАРҒА ЫҚПАЛЫ........227
**Мухамадеев Т.М., Мухадеева И.А., Капбасова Д.С.**
Н. НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУІПСІЗДІГІ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВТІЛІГІНІҢ ФЛАГМАНЫ РЕТІНДЕ........239
**Мұсағалиева А.С.**
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ "АЛЖИР" ӘЙЕЛДЕР ЛАГЕРІНІҢ ТАРИХЫ: ТАРИХНАМА ЖӘНЕ МҰРАҒАТТЫҚ ДЕРЕКТЕР........245
**Нұртазина Н.Д.**
VIII-X ҒҒ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ТҮРКІ КӨШПЕЛІ ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАППАЙ ДАҒДАРЫСЫ ТУРАЛЫ........255
**Нұртазина Н.Д.**
ҚАЗАҚСТАНДА ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ ФЕНОМЕНІНЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС........260
**Нұртазина Н.Д.**
ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРИХЫ: ДІНДЕР, МӘДЕНИЕТТЕР, БАЙЛАНЫСТАР........266
**Омарбеков Т.О.**
АЛТЫН ОРДА ХАНЫ ТОҚТАМЫСТЫҢ МӘСКЕУГЕ ЖОРЫҒЫ........272
**Өтепова Г.Е.**
VIII Ғ. - XX Ғ. БАСЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ЗАҢНАМАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН........280
**Өтепова Г.Е.**
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ XIX ҒАСЫРДАҒЫ ПАТША ЗАҢНАМАСЫ........288
**Өтепова Г.Е.**
СІБІР КОМИТЕТІНІҢ МӘЛІМЕТТЕРІ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ........297
**Раздыков С.З.**
СУБЭТНОСТЫҚ МӘДЕНИЕТ – ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕСКІ ДӘСТҮРДІ ҰСТАНУШЫЛАРЫ........303
**Садвокасова А.К., Кошман Т.В., Ракишева Б.И.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ, КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТАРИХЫ, АСА ҮЛКЕН ЭТНОСТАР ТАРИХЫН ҚОСА АЛҒАНДА: НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР........316
**Сайлан Б., Раушанбек Б.**
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІНДЕГІ БАТЫРЛАР ОБРАЗЫ........330
**Сайлан Б.**
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ УКРАИНАНЫ АЗАТ ЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ МЕН ЕРЛІКТЕРІ........335
**Сыздықов С.М.**
«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ: САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ........340
**Тасилова Н.А., Козгамбаева Г.**
«ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» - ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ........345
**Телеуова Э.Т.**
ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ........351
**Телеуова Э.Т.**
КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ӘДЕТТІК ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫНАН........355
**Толенова З.М., Кубеев Р.Д.**
АКАДЕМИК М.К. ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ: ЖАҢА ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ........360

**Удербаева С.К.**
ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ МҰРАҒАТ КОМИССИЯСЫНЫҢ «ЕҢБЕКТЕР» ЖИНАҒЫНДЫҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ........................................................365
**Удербаева С.К.**
ТҮРКІСТАН ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫ ҚАЗАҚ ШЕНЕУЛІГІНІҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ӨКІЛЕТТІЛІГІ.............380
**Ускенбай К.**
АҚ ОРДА: ҰЛЫС БІРЛЕСТІГІНЕН ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТКЕ........................................392
**Ускенбай К.**
ДЕРЕККӨЗДЕРДЕГІ "ҚАЗАҚТАР" ЖӘНЕ "ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ" ТЕРМИНДЕРІ ТУРАЛЫ..................................396
**Хабижанова Г.Б.**
ҚЫПШАҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РОЛІ........................................402
**Хабижанова Г.Б., Сагинаева А.Н.**
XI-XIII ҒҒ. ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ОРЫС КНЯЗДІКТЕРІМЕН САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫ........................................................................408
**Шаймердинова Н.Г., Ярыгин С.А.**
ҒҰН-САРМАТ ДӘУІРІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ КӨШПЕНДІЛЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ БИЛЕУШІЛЕРДІҢ ТАҢБАЛАРЫ........................................................................413
**Шайхыгалиев Е.А., Изтелеуова Л.И., Елюбаев Р.Б., Ержанов Р.Р.**
ЕРЕЙМЕНТАУ АУДАНЫНДАҒЫ ЖАҢА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІ АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДАҒЫ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ........................................................................422

## СОДЕРЖАНИЕ

**Абдимомынов Н.Т.**
А НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ (1242-1269 гг.).......................................8
**Алдажұманов Қ.С.**
С КАРТОЧНАЯ СИСТЕМА СНАБЖЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПРОДОВОЛЬСТВИЕМ В КАЗАХСТАНЕ В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941-1945) …………………………………………………………………………………………...…..20
**Алмагамбетова А.М.**
ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ КАЗАХСТАНА ЗА 1959 – 1970 ГГ..........28
**Алпысбес М.**
ДУХОВНОЕ И КУЛЬТУРНОЕ ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ ТЮРКСКОГО МИРА В УКРЕПЛЕНИИ ЕДИНСТВА НАРОДОВ В ПРОЦЕССЕ ГЛОБАЛИЗАЦИИ..........................................................................................................37
**Асанова С.А.**
ИСТОРИЧЕСКИЙ НАРРАТИВ - ИСТОЧНИК ИДЕНТИЧНОСТИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ....................48
**Әбділдабекова А.М.**
ОЦЕНКА КОЛОНИАЛЬНОГО ПЕРИОДА В ТРУДАХ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА.....53
**Әбжанов Х.**
АМАНАТ АКАДЕМИКА...........................................................................................................................58
**Әбубәкірова Ә.П.**
ПРОБЛЕМЫ И ИТОГИ ПЕРЕГОВОРОВ ПО ФОРМИРОВАНИЮ КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКОЙ ГРАНИЦЫ...64
**Әділжанов Н.**
ДЕМОКРАТИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ: КАК ФОРМАЦИОННОЕ И ЦИВИЛИЗАЦИОННОЕ ЯВЛЕНИЕ (ИСТОРИКО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ)………………………………………. …………………………………..72
**Баудиярова К.Б.**
МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ СТАБИЛЬНОСТИ СЕМЬИ……………….....................................................................82
**Егізбаева М.Қ., Бейсегулова А.Қ.**
ЭТНОКУЛЬТУРА УЗБЕКСКИХ И КАРАКАЛПАКСКИХ НАРОДОВ…...............................................................89
**Жайлыбаев Д.Ж.**
ДОРЕВОЛЮЦИОННЫЕ ТРУДЫ ОБ ОБЫЧНОМ ПРАВЕ КАЗАХОВ…………………………………….................95
**Жакин М.С.**
БОРИ БАТЫР: МИФ И ФАКТ (опыт критического анализа)…..............................................................................99
**Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д.**
ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.......................................113
**Жетписбаев А.О.**
ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ИЗМЕНЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ В XIX-XX ВВ.: ПО МАТЕРИАЛАМ ПЕРЕПИСЕЙ НАСЕЛЕНИЯ....................................................................................................122
**Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д.**
ПРИРОДНЫЙ ЛАНДШАФТ ТЕРРИТОРИИ НАСЕЛЕННЫЙ ТЮРКСКИМИ ПЛЕМЕНАМИ (VI-X ВВ.)...............131
**Кабдушев Б.Ж., Кабдушева Л.Ж.**
НАСИЛЬСТВЕННАЯ ДЕПОРТАЦИЯ В КАЗАХСТАН……..........................................................................................138
**Кариев Е.М.**
ИСТОКИ И КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ ЕВРАЗИИ
(ранний железный век и современность)..................................................................................................144
**Каринбаев Ж.Ә.**
ПРЕДСТАВИТЕЛИ БЕЛОРУССКОГО ЭТНОСА В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИЯ
ФОРМИРОВАНИЯ И НАСТОЯЩЕЕ…………………………………………………………………………….152
**Картаева Т.Е., Оралбай Е.**
РАЗВИТИЕ КОЛОДЕЗНОГО ДЕЛА И ЕГО РАЗНОВИДНОСТИ
(ПО МАТЕРИАЛАМ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОГРАФИИ).......................................................................................163
**Кәрібаев Б.Б.**
ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВО В КОНЦЕ XV- НАЧАЛЕ XVI ВВ.……….................................180
**Кәрібаев Б.Б., Ноғайбаева М.С.**
ИЗ ИСТОРИИ ХАНСТВА АБУЛХАЙЫРА В I-ПОЛОВИНЫ XV ВЕКА.…...................................................................186
**Қозғамбаева Г.Б.**
ВЫДАЮЩИЙСЯ ГЕОЛОГ И УЧЕНЫЙ КАНЫШ ИМАНТАЙУЛЫ САТБАЕВ...........................................................193

**Қозғамбаева Г.Б., Бейсегулова А.Қ.**
МУЗЕЙ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ Г. ШЫМКЕНТ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ...........198
**Қозыбақова Ф.А.**
ЭКСТРЕМИСТСКАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА ПО ЛИКВИДАЦИИ ПОСЛЕДНИХ ЭЛЕМЕНТОВ МЕХАНИЗМА РЫНКА В КАЗАХСТАНЕ.......................................................................................................................................206
**Қозыбақова Ф.А., Рвайдарова Г.О.**
1921-1922 гг. НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА ПРОВОДИМУЮ ЗЕМЕЛЬНО-ВОДНУЮ РЕФОРМУ………............................214
**Майданали З.**
ИМПЕРСКИЕ КОНФЕДЕРАЦИИ И КОЧЕВЫЕ ОБЪЕДИНЕНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ
(ИСТОРИОГРАФИЯ ПРОБЛЕМЫ).............................................................................................................222
**Махаева А.Ш., Чаргынова Г.О.**
ВЛИЯНИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В ВОСТОЧНОМ ТУРКЕСТАНЕ В 60-70 ГГ. XIX ВЕКА НА КАЗАХОВ И КЫРГЫЗОВ………...........................................................................................................227
**Мухамадеев Т.М., Мухадеева И.А., Капбасова Д.С.**
ТРУДЫ Н. НАЗАРБАЕВА КАК ФЛАГМАНА ГОСУДАРСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ, СОТРУДНИЧЕСТВА И ПЕРСПЕКТИВНОСТИ КАЗАХСТАНА……….....................................................................................239
**Мұсағалиева А.С.**
ИСТОРИЯ ЖЕНСКОГО ЛАГЕРЯ "АЛЖИР" В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЯ И
АРХИВНЫЕ ДАННЫЕ…………………………………………………………………………………….245
**Нұртазина Н.Д.**
О СИСТЕМНОМ КРИЗИСЕ ТЮРКСКОГО КОЧЕВОГО ОБЩЕСТВА
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В КОНЦЕ VIII-X ВВ.………………………………………………………………255
**Нұртазина Н.Д.**
НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА ФЕНОМЕН ИСЛАМИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА……………….................................260
**Нұртазина Н.Д.**
ДРЕВНЯЯ ИСТОРИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: РЕЛИГИИ, КУЛЬТУРЫ, КОНТАКТЫ……………………......266
**Омарбеков Т.О.**
ПОХОД ХАНА ЗОЛОТОЙ ОРДЫ ТОХТАМЫША НА МОСКВУ.................................................................272
**Өтепова Г.Е.**
ИЗ ОПЫТА ИЗУЧЕНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ ИСТОЧНИКОВ
ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА VIII-НАЧАЛА XX ВЕКА……………………………………………....280
**Өтепова Г.Е.**
ЦАРСКОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО XIX ВЕКА О ЗЕМЕЛЬНОМ ВОПРОСЕ В КАЗАХСТАНЕ...............................288
**Өтепова Г.Е.**
МАТЕРИАЛЫ СИБИРСКОГО КОМИТЕТ КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В СОСТАВЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ………...............................................................................................297
**Раздыков С.З.**
СУБЭТНИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА - СТАРОВЕРЫ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА…………………….....................303
**Садвокасова А.К., Кошман Т.В., Ракишева Б.И.**
ИСТОРИЯ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ, МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН, ВКЛЮЧАЯ ИСТОРИЮ НАИБОЛЕЕ КРУПНЫХ ЭТНОСОВ: ОСНОВНЫЕ ИТОГИ…...............................................316
**Сайлан Б., Раушанбек Б.**
ОБРАЗ ГЕРОЕВ В ВОЕННОМ ИСКУССТВЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА.......................................................330
**Сайлан Б.**
ПОДВИГИ ГЕРОИЗМ КАЗАХСТАНЦЕВ В БОРЬБЕ ЗА ОСВОБОЖДЕНИЕ УКРАИНЫ……….............................335
**Сыздықов С.М.**
ИДЕЯ "МӘҢГІЛІК ЕЛ": ПОЛИТИКО-ФИЛОСОФСКИЕ ОСНОВЫ И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ.340
**Тасилова Н.А., Козгамбаева Г.**
«МАТЕРИАЛЫ ПО КИРГИЗСКОМУ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЮ...» КАК ИСТОЧНИК ПО
ХОЗЯЙСТВЕННО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСКИХ ХОЗЯЙСТВ..................................................345
**Телеуова Э.Т.**
СОЦИАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ В ТРАДИЦИОННОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ....................................................351
**Телеуова Э.Т.**
ИЗ ИСТОРИИ ОБЫЧНОГО ПРАВО КОЧЕВНИКОВ...................................................................................355
**Толенова З.М., Кубеев Р.Д.**
ВКЛАД АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА В ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ: НОВОЕ И ТРАДИЦИОННОЕ...........................................................................................................................360

**Удербаева С.К.**
ОТРАЖЕНИЕ ИСТОРИИ КОЧЕВЫХ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В «ТРУДАХ» ОРЕНБУРГСКОЙ УЧЕНОЙ АРХИВНОЙ КОМИССИИ……......................................................................................................................365
**Удербаева С.К.**
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОЛНОМОЧИЯ КАЗАХСКОГО ЧИНОВНИЧЕСТВА ТУРКЕСТАНСКОГО ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРСТВА…………………………………………………………………………..…380
**Ускенбай К.**
АК-ОРДА: ОТ УЛУСНОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ К НЕЗАВИСИМОМУ ГОСУДАРСТВУ..............................................392
**Ускенбай К.**
О ТЕРМИНАХ «КАЗАХИ» И «КАЗАХСКОЕ ГОСУДАРСТВО» В ИСТОЧНИКАХ………….....................................396
**Хабижанова Г.Б.**
КИПЧАКИ И ИХ РОЛЬ В ФОРМИРОВАНИИ КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕН………………….........................................402
**Хабижанова Г.Б., Сагинаева А.Н.**
ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И КУЛЬТУРНЫЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ КЫПЧАКОВ С РУССКИМИ КНЯЖЕСТВАМИ В XI-XIII ВВ..............................................................................................................................408
**Шаймердинова Н.Г., Ярыгин С.А.**
СИМВОЛЫ ВЛАСТИ В КУЛЬТУРЕ КОЧЕВНИКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ ГУННО-САРМАТСКОГО ВРЕМЕНИ…...........................................................................................................................................413
**Шайхыгалиев Е.А., Изтелеуова Л.И., Елюбаев Р.Б., Ержанов Р.Р.**
АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАЗВЕДОЧНЫЕ РАБОТЫ ПО ВЫЯВЛЕНИЮ НОВЫХ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ОБЪЕКТОВ ЕРЕЙМЕНТАУСКОГО РАЙОНА..........................................................................................................422

**CONTENTS**

**Abdimomynov N.T.**
SOME PROBLEMS OF THE POLITICAL HISTORY OF THE GOLDEN HORDE (1240-1269)…......................................8
**Aldazhumanov K.S.**
CARD SYSTEM IN PROVIDING FOOD TO THE POPULATION
OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1945)……………………………………………………….……….20
**Almagambetova A.M.**
ИHISTORICAL AND DEMOGRAPHIC ANALYSIS OF TURKIC PEOPLES OF KAZAKHSTAN FOR 1959 - 1970.......28
**Alpısbes M.**
HERITAGE OF SPIRITUAL AND CULTURAL HISTORY OF THE TURKIC WORLD IN STRENGTHENING THE UNITY OF PEOPLES IN THE PROCESS OF GLOBALIZATION.........................................................................................37
**Asanova S.A.**
HISTORICAL NARRATIVE - THE SOURCE OF IDENTITY IN MODERN KAZAKHSTAN……………….....................48
**Abdildabekova A.M.**
EVALUATION OF THE COLONIAL PERIOD IN THE WORKS
OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA OF EARLY XX CENTURY...................................................................................53
**Abzhanov Kh.**
ACADEMICIANS TRUST.........................................................................................................................................58
**Abubakirova A.P.**
PROBLEMS AND RESULTS OF NEGOTIATIONS ON FORMATION
OF THE KAZAKHSTAN-CHINESE BORDER……………………………………………………………………..64
**Adilzhanov N.**
DEMOCRATIC TRENDS: AS A FORMATIVE AND CIVILIZATIONAL PHENOMENON (HISTORICAL AND POLITICAL ASPECT)……………………..…………………………………………..…………………………………..72
**Baudiyarova K.B.**
RESEARCH METHODSOF STABILITY OF THE FAMILY………………….....................................................................82
**Yegizbaeva M.K.,Beisegulova A.K.**
ETHNO-CULTURE OF THE UZBEK AND KARAKALPAK PEOPLES..….......................................................................89
**Zhailybayev D.Zh.**
PREREVOLUTIONARY PROCEEDINGS OF CUSTOMARY LAW KAZAKHS………………...……………................95
**Zhakin M.S.**
BORI BATYR: MYTH AND FACT (critical analysis experience)…............................................................................99
**Zhappasov Zh.E., Tasilova N.A., Baydavletova M.D.**
SOURCES ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN AND CENTRAL ASIA…………………........................................113
**Zhetpisbayev A.O.**
THE MAIN STAGES OF ETHNODEMOGRAPHIC CHANGES IN KAZAKHSTAN IN 19th - 20th CENTURIES: BASED ON THE POPULATION CENSUS MATERIALS.........................................................................................................122
**Iskakova G.Z., Baydavletova M.D.**
THE NATURAL LANDSCAPE OF THE TERRITORY INHABITED BY TURKIC TRIBES (VI-X CENTURIES.).........131
**Kabdushev B.Zh., Kabdusheva L.Zh.**
THE FORCED DEPORTATION IN KAZAKHSTAN……….......................................................................................138
**Kariyev Y.M.**
THE ORIGINS AND CULTURAL HERITAGE OF THE ANCIENT TURKIC CIVILIZATION OF EURASIA
(early iron age and the present)..............................................................................................................................144
**Karinbayev Zh.A.**
REPRESENTATIVES OF THE BELORUSSIAN ETHNOS IN KAZAKHSTAN: HISTORY OF FORMATION
AND CURRENT STATUS……………………………………………………………………………………….152
**Kartaeva T.E., Oralbai Y.**
THE DEVELOPMENT OF BUSINESS IN THE WELL AND ITS VARIANTS
(MATERIALS OF ARCHEOLOGY AND ETHNOGRAPHY)..........................................................................................163
**Karibaev B.B.**
THE PROBLEMS OF THE HISTORY OF KAZAKH KHANATE AT THE END OF
XV- IN THE BEGINNING OF XVI CENTURIES…………………………………………………………………180
**Karybaev B.B., Nogaibayeva M.**
FROM THE HISTORY OF THE KHANATE ABULKAYYR IN THE I-HALF OF THE XV CENTURY……..................186

**Kozgambaeva G.B.**
OUSTANDING GEOLOG VERSUS SCIENTIST KANYSH IMANTAEVICH SATBAYEV...........................................193
**Kozgambayeva G.B., Beisegulova A.K.**
MUSEUM OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION IN SHYMKENT, SOUTH KAZAKHSTAN REGION............198
**Kozybakova F.A.**
EXTREMIST POLITICS OF STALIN AGAINST LAST ELEMENTS
OF MARKET MECHANISM IN KAZAKHSTAN......................................................................................................206
**Kozybakova F.A., Rvaydarova G.O.**
1921-1922 A NEW APPROACH TO THE LAND AND WATER REFORM CARRIED OUT…………..............................214
**Maydanali Z.**
IMPERIAL CONFEDERATIONS AND NOMADIC ASSOCIATIONS OF CENTRAL ASIA
(HISTORIOGRAPHY OF PROBLEM)................................................................................................................222
**Mahaeva A.Sh., Chargynova G.O.**
EFFECT OF POLITICAL PROCESSES IN EAST TURKESTAN IN 60-70 YEARS.
XIX CENTURY IN THE KAZAKHS AND KYRGYZ………...........................................................................227
**Mukhamadeev T.M., Mukhadeeva I.A., Kapbasova D.S.**
WORKS OF N. NAZARBAYEV AS A FLAGSHIP OF STATE SECURITY,
COOPERATION AND PROSPECTS OF KAZAKHSTAN……….........................................................................239
**Musagalieva A.S.**
HISTORY OF THE WOMEN'S CAMP "ALGERIA" IN NORTHERN KAZAKHSTAN: HISTORIOGRAPHY AND ARCHIVAL DATA……………………………………………………………………………………………….245
**Nurtazina N.D.**
ON THE SYSTEMATIC CRISIS OF THE TURKIC NOMADIC SOCIETY
OF CENTRAL ASIA AT THE END OF VIII-X CENTURIES……………………………………………...………255
**Nurtazina N.D.**
A NEW APPROACH TO THE PHENOMENON OF ISLAMIZATION OF KAZAKHSTAN………………....................260
**Nurtazina N.D.**
HISTORY OF ANCIENT CENTRAL ASIA: RELIGIONS, CULTURES, CONTACTS………………………………......266
**Omarbekov T.O.**
CAMPAIGN OF GOLDEN HORDE KHAN TOKHTAMYSH TO MOSCOW..................................................................272
**Otepova G.E.**
FROM THE EXPERIENCE OF STUDYING LEGISLATIVE SOURCES ON THE HISTORY
OF KAZAKHSTAN VIII-EARLY XX CENTURY……………………………………………………...………....280
**Otepova G.E.**
TSARIST LEGISLATION OF THE XIX CENTURY ON THE LAND ISSUE IN KAZAKHSTAN.................................288
**Otepova G.E.**
PROCEEDINGS OF THE SIBERIAN COMMITTEE, AS A SOURCE FOR STUDYING THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN THE RUSSIAN EMPIRE……….........................................................................................297
**Razdykov S.**
SUBETHNIC CULTURE - OLD BELIEVERS OF THE EASTERN KAZAKHSTAN...……………………......................303
**Sadvokassova A., Koshman T., Rakisheva B.**
HISTORY OF INTER-ETHNIC, INTER-RELIGIOUS RELATIONS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, INCLUDING THE HISTORY OF THE LARGEST ETHNIC GROUPS: THE MAIN OUTCOMES…...............................316
**Sailan B., Raushanbek B.**
THE HEROES CHARACTER IN MILITARY ART OF THE KAZAKH NATION............................................................330
**Sailan B.**
HEROISM OF KAZAKHSTAN CITIZENS IN FIGHT FOR INDEPENDENCE OF UKRAINE………………………….335
**Syzdykov S.M.**
THE IDEA OF" MANGILIK EL": POLITICAL AND PHILOSOPHICAL
FOUNDATIONS AND HISTORICAL CONTINUITY……………………………………………………………….340
**Tasilova N.A., Kozgambaeva G.**
"MATERIALS ABOUT KYRGYZ LAND USE ..." AS THE SOURCE ON HOUSEHOLD-ECONOMICAL
HISTORY OF KAZAKH ECONOMY.......................................................................................................................345
**Teleuova E.**
SOCIAL FEATURES ARE IN TRADITIONAL CIVILIZATION…………....................................................................351
**Teleuova E.**
FROM HISTORY OF NOMADIC CUSTOMARY LAW...........................................................................................355

**Tolenova Z.M., Kubeyev R.D.**
THE CONTRIBUTION OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV IN HISTORICAL FIGURES STUDIES: THE NEW AND THE TRADITIONAL.......................................................................................................................................360
**Uderbaeva S.K.**
REFLECTION OF THE HISTORY OF THE NOMADIC PEOPLES OF CENTRAL ASIA IN THE "PROCEEDINGS" OF THE ORENBURG SCIENTIFIC ARCHIVAL COMMISSION……......................................................................................365
**Uderbaeva S.K.**
ACTIVITIES AND POWERS OF KAZAKH OFFICIALS TURKESTAN GOVERNOR-GENERAL……………………380
**Uskenbai K.**
AK-ORDA: FROM A ULUS ASSOCIATION TO AN INDEPENDENT STATE………….................................................392
**Uskenbai K.**
ABOUT THE TERMS "KAZAKHS" AND "KAZAKH STATE" IN THE SOURCES…..…………....................................396
**Habizhanova G.B.**
KIPCHAKS ROLE IN KAZAKH TRIBES FORMATION…………………..…………………..........................................402
**Khabizhanova G.B., Saginayeva A.N.**
TRADE-ECONOMIC AND CULTURAL RELATIONS OF KIPCHAKS WITH THE RUSSIAN PRINCIPALITIES IN THE XI-XIII CENTURIES.................................................................................................................408
**Shaymerdenova N.G., Yaryghin S.A.**
SYMBOLS OF POWER IN THE CULTURE OF CENTRAL ASIAN NOMADS (HUN-SARMATIAN PERIOD)………413
**Shaikhygaliev E.A., Izteleuova L.I., Elyubaev R.B., Yerzhanov R.R.**
ARCHAEOLOGICAL PROSPECTING WORKS ON IDENTIFICATION OF NEW ARCHAEOLOGICAL OBJECTS OF EREYMENTAU DISTRICT………..........................................................................................................................422

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2016. 4(8)

*Бас редактор:*
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2016.
Пішімі 70х100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй